

Қарағанды облыстық мәслихатының 2001 жылғы 5 шілдедегі XII сессиясының "Қарағанды қаласының № 204 тіркеу мөлтек ауданының жерге төлейтін төлемақысының базалық ставкасының түзету коэффициентін бекіту туралы" № 12/2 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Қарағанды облыстық мәслихатының 2016 жылғы 29 қыркүйектегі IV сессиясының № 91 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 7 бабының 5 тармағына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 15 бабы 1 тармағының 7) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27 бабының 1 тармағына сәйкес және Қарағанды облыстық мәслихатының 2008 жылғы 22 мамырдағы VI сессиясының "Қарағанды қаласы бойынша жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкасына түзету коэффициенттерін және аймақтардың шекараларын бекіту туралы" № 122 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1846 болып тіркелген) негізінде, Қарағанды облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қарағанды облыстық мәслихатының 2001 жылғы 5 шілдедегі XII сессиясының "Қарағанды қаласының № 204 тіркеу мөлтек ауданының жерге төлейтін төлемақысының базалық ставкасының түзету коэффициентін бекіту туралы" № 12/2 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 352 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім қабылданған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Ж. Штергер

Облыстық мәслихаттың хатшысы

Р. Әбдікерем